

А.Ш. Жамашев , **Н.М. Елеусызбаева*** , **К.Х. Тәжікова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz

ТҮРКІСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ТҮРКІЯ ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақалада қазақ даласы Түркістан ғалымдарының Түркия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақталған еңбектеріне библиографиялық шолу жасалып, әр ғалымның ғылым мен мәдениетке қосқан үлесіне баға беріледі. Талқылау бөлімінде Түркістанға телінетін ғалымдар ажыратылып көрсетілді. Бұл мәдени мұраларымыздың ғылыми айналымға енуіне себеп болады, сонымен қатар, түркі халықтарының ғылым-білім сабақтастығының үлгісіне мысал болады. Осылайша, шығыс түркі әлемінің мәдени мұрасын феномен ретінде қарастыруға күш салынды. Бұл мақсатқа жету үшін К. Мэйс (2015) ұсынған методологияға сай қолжазбалармен жұмыс жасауда кезең-кезеңімен: қолжазбаларды жинақтау, каталогтағы қолжазбалар тізімін шығару, қолжазбаның толық сипаттамасын беру, қолжазбаларды салыстыру, қолжазбаны тексеріп оқу, мәтінге анализ жасау іске асты. Қолжазбаларды қарастыруда Түркияның қолжазбалар порталы қолданылды. Мақалада мәдениет пен ғылымның дамуына еңбек сіңірген Түркістан ғалымдарына мән беріп, олардың еңбектері сақталған Сүлеймание, Милли, Миллет және Кастамону кітапханаларының коллекциялары қарастырылды. Тәуелсіздік алғалы бері қазақ жерінен шыққан ғалымдардың мәдени мұраларын зерттеу ісі қарқынды жасалып келеді. Бұл тақырыптың өзіндік мәселелері, зерттеу сұрақтары және бағыттары бар. Атап айтқанда, мақаламызда ғалымдарды қала-аймақ атауы бойынша іздеудің спецификасы мәселесіне жіті тоқталдық. Нәтижесінде қазақ жерінен шыққан ғалымдардың шығармаларын толық қамтып, терең анализ жасауда отандық зерттеушілер тарапынан жеткілікті деңгейге жетпеген деген тұжырымға келдік. Бұл дегеніміз Түркістан ғалымдары мұрасының өз Отаны Қазақстанда зерттеу деңгейін әдістемелік жағынан жетілдіруді, әлемдік мәдениетке қатысты алатын орнын анықтаудың қажеттігін көрсетеді.

Түйін сөздер. қазақ жерінің ғалымдары, Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Ибатулла Тарази, Түркістанилер, Сүлеймания кітапханасы, түркі ғалымдары, шығыс түркі әлемінің мәдени мұрасы феномені, биобиблиография.

A.Sh. Zhamashev, N.M. Yeleussyzbayeva*, K.Kh. Tadzhiikova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz

The role of Turkish manuscript collections in studying the cultural heritage of Turkestan scholars

This article provides a bibliographic review of works by Turkestan scholars from the Kazakh steppe preserved in Turkish archives and libraries, evaluating each scholar's contribution to science and culture. The discussion section highlights scholars associated with Turkestan. This facilitates the introduction of our cultural heritage into scientific discourse and exemplifies the continuity of scientific and educational traditions among Turkic peoples. Thus, efforts were made to examine the cultural heritage of the Eastern Turkic world as a phenomenon. To achieve this goal, the methodology proposed by C. Mace (2015) was implemented step-by-step in working with manuscripts: collecting manuscripts, compiling manuscript lists in catalogs, providing complete manuscript descriptions, comparing manuscripts, reviewing manuscripts, and analyzing texts. The Turkish manuscript portal was used to examine the manuscripts. The article focuses on Turkestan scholars who contributed to the development of culture and science, examining the collections of Suleymaniye, Milli, Millet, and Kastamonu libraries where their works are preserved. Since independence, the study of the cultural heritage of scholars from Kazakh lands has been actively pursued. This topic has its own challenges, research questions, and directions. In particular, our article thoroughly examines the specifics of searching for scholars by city and region names. As a result, we concluded that domestic researchers have not yet reached sufficient levels in comprehensively covering and deeply analyzing the works of scholars from Kazakh lands. This indicates the need to methodologically improve the research of Turkestan scholars' heritage in their homeland Kazakhstan and determine its place in world culture.

Keywords: scholars of Kazakh lands, Khoja Ahmed Yasawi, Ahmed Yugneki, Hibatullah Tarazi, Turkistanis, Suleymaniye Library, Turkic scholars, phenomenon of cultural heritage of the eastern Turkic world, biobibliography.

А.Ш. Жамашев, Н.М. Елеусызбаева*, К.Х. Таджикова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: yelessyzybayeva_n@live.kaznu.kz

Роль турецких рукописных фондов в изучении культурного наследия ученых Туркестана

В статье представлен библиографический обзор трудов ученых казахской степи и Туркестана, хранящихся в турецких архивных фондах и библиотеках, и дана оценка вкладу каждого ученого в науку и культуру. В разделе обсуждения были выделены ученые, относящиеся к Туркестану. Это способствует введению нашего культурного наследия в научный оборот, а также служит примером преемственности в науке и образовании тюркских народов. Таким образом, были предприняты усилия по рассмотрению культурного наследия восточно-тюркского мира как феномена. Для достижения этой цели, в соответствии с методологией, предложенной К. Мейсом (2015), работа с рукописями велась поэтапно: сбор рукописей, составление списков рукописей в каталогах, предоставление полных описаний рукописей, сравнение рукописей, проверка рукописей и анализ текста. При изучении рукописей был использован портал рукописей Турции. В статье уделяется внимание туркестанским ученым, внесшим вклад в развитие культуры и науки, и рассматриваются коллекции библиотек Сулеймание, Милли, Миллет и Кастамону, где хранятся их труды. С момента обретения независимости активно ведется работа по изучению культурного наследия ученых с казахской земли. У этой темы есть свои проблемы, исследовательские вопросы и направления. В частности, в нашей статье мы подробно остановились на специфике поиска ученых по названиям городов и регионов. В результате мы пришли к выводу, что отечественные исследователи не достигли достаточного уровня в полном охвате и глубоком анализе работ ученых с казахской земли. Это указывает на необходимость методологического совершенствования уровня изучения наследия туркестанских ученых в их родном Казахстане и определения их места в мировой культуре.

Ключевые слова: ученые казахской степи, Ходжа Ахмед Ясави, Ахмет Югнаки, Хибатулла Тарази, туркестанцы, Библиотека Сулеймание, тюркские ученые, феномен культурного наследия восточно-тюркского мира, биобиблиография.

Кіріспе

Қазақ жерінен есімдері ислам әлемінің түкпіріне таралған ғалымдар көптеп шыққан. Олардың ғылыми мұрасын зерттеу, ислам өркениетіне қосқан үлесін бағалау өзекті зерттеу тақырыптарының бірі. Тәуелсіздік алғалы бері аймақтар бойынша ғалымдарды зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл салада Ә. Дербісәлі, Ә. Муминов, Ш. Керім, Ш. Қалиева және басқа да зерттеушілердің сіңірген еңбегі зор. Сол арқылы Тарази, Түркістани, Фараби, Кердери, Итқанилердің аты танылып, еңбектері зерттеліп басталды. Бұл салаға бір үлесімізді қосу үшін ортағасырлардан XX ғасырға дейінгі қазақ жерінің діни орталықтарына сипаттама мен ғұлама, әулиелерінің өмірбаянын қамтыған «Сайын даланың саңлақ ғұламалары» анықтамалық кітабымыз да жарық көрді. Бастапқы зерттеулер географиялық белгі бойынша ғалымдардың өмірбаяны мен шығармаларына қатысты мәліметтерді жинақтауға бағытталса,

одан кейінгі зерттеулер диссертация, монография жұмыстары ретінде жеке бір тұлғаның өмір-деректеріне қатысты мәліметтердің толық әрі дұрыстығын бағалауға, ғалымның бір шығармасына мазмұндық анализ жүргізу мақсатында жасалып жарық көрді. Дегенмен қарастырылған шығармалар саны барлығына шаққанда аз, сондықтан ғалымдардың еңбектерін мазмұны, методологиясы бойынша саралап, мәдениет пен ғылымға маңыздыларын ғылыми айналымға енгізу, жинақталған мәліметтердің растығын тексеру, классификация жұмыстары бар.

Осы себептен де зерттеуіміздің мақсаты – Түркістан ғалымдары шығармаларына зерттеу негізінде әлемдік өркениет пен мәдениетке қосқан үлесін анықтау, шығармаларының Түркиядағы қолжазбаларына анализ жасау, ғылыми шығармаларды аймақтық іздеу спецификасы мәселесін дәйекті көрсету. Ал зерттеу нысаны ретінде Түркия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақтаулы Түркістан ғалымдары қалдырған еңбектердің қолжазбалары алынды. Зерттеу

нысаны ретінде Түркия қолжазба қорларын таңдауымыздың себебі жалпы қорының үлкендігі, әлем бойынша да қолжазбаларды цифрландыру бойынша озық, электронды дерекқорында 372 177 қолжазба нұсқасы бар, оның 334 354-ы көпшілікке көруге рұқсат етілген, бұл сан әлі де артып жатыр. Зерттеу әдіснамасы, қысқаша айтқанда, қолжазбалармен жұмыс әрі мазмұнына анализ жасай отыра, мәдени құндылығын анықтауға бағытталған. Практикалық маңызы ретінде қазақ жерінің мәдени-ғылыми мұраларын қарастыруда Түркістан ғалымдары шығармаларының қолжазбаларын зерттеудің әдіснамасын ұсына аламыз.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында биобиблиографиялық дереккөздер, ғалымдардың шығармасына жасалған жаңа зерттеулер қарастырылды, ал қолжазба дереккөзі ретінде Түркия қолжазба кітапханаларының қоры негізге алынды. Каталог деректеріне кітапхананың өзінде және онлайн қол жеткізуге болады (Түркия қолжазбалар мекемесі басшылығының порталы). Діни қайраткерлер өмір сүрген уақытына байланысты хронологиялық ретке сай орналастырылды.

Бұған дейінгі мақсаты жақын ғылыми жұмыс ретінде Хаван А. және т.б. әл-Фараби мұраларының Түркия кітапханаларында сақталуына қатысты философиялық бағытта жарық көрген мақаласын айтуға болады (Хаван, 2023). Бұл зерттеуде бір тұлға – Әбу Наср Мұхаммед әл-Фарабидің философиялық мұрасы зерттеу нысаны етіп алынғандықтан, фарабитану саласына қосқан маңызы зор болды. Біздің зерттеуіміз болса, жалпы қазақ жерінен шыққан ғалымдарды әлемдік мұрағаттардан аймақ бойынша іздеудің спецификасы мәселесін қамтиды, соның ішінде Түркістан ғалымдарының классификациясы беріледі және Түркістан қаласына телінген ғалымдар шығармасының қолжазба нұсқаларына жеке-жеке тоқталып, мақсатымызға сай аталған шығармалардың мәдениет пен өркениетке қосатын үлесі қарастырылады.

Мақаланы жазу барысында қолданылған әдіс-тәсілдерді екіге бөліп қарастырамыз: мәліметтерді жинақтау әдістері және мәліметтерге анализ жасау әдістері. Мәліметтерді жинақтау әдістері: Мақала материалдарына қол жеткізу үшін құжаттар, яғни, бұл жағдайда қолжазбалар жинақталды. Оның әр кезеңін толығырақ сипаттау үшін К. Мэйс (2015) ұсынған методологияны

зерттеу мақсатына сай мына түрде ұсына аламыз: қолжазбаларды жинақтау, каталогтағы қолжазбалар тізімін шығару, қолжазбаның толық сипаттамасын беру, қолжазбаларды салыстыру, қолжазбаны тексеріп оқу, мәтінге анализ жасау. Мәліметтерге анализ жасау үшін тарихи-компаративистік тәсіл, жіктеу мен классификациялық бөлініс, дедуктив, индуктив анализ әдістері қолданылды. Ендігі кезекте әдістерді қолдану тәсілімізге қатысты айтқанда, біріншіден, тақырыбымызға сай Түркістанилердің қолжазбаларын Түркия мұрағаттарынан іздеп, керегін жинақтадық; каталогтан табылған қолжазбалардың библиографиялық сипаттамасын бір тізімге салдық; каталогтағы сипаттамамен шектелмей, қолжазба нұсқаларының өзімен танысып, сыртқы сипаттамасын қамтыдық (парағы, жазу ерекшелігі, көшірген адамның әдіснамасы, т.б.); бір шығарманың табылған бірнеше қолжазба нұсқаларын өзара салыстыра қарадық; сыртқы сипаттамаларды бергеннен кейін шығарманың тақырыбы мен авторын нақтылау және жазылу мақсатын анықтау үшін қолжазбаларды оқыдық; зерттеу міндеттерімізге сай қолжазба мәтініне анализ жасадық. Қолжазбаларды оқу барысында каталогта берілген мәліметтер мен жазбадағы мәліметтердің сәйкестігіне мән бердік, кейде каталогта аталған автор мен шығарма авторы бөлек болған немесе автордың аты-жөніне қатысты қайшылықтар туындаған жағдайлар кездесті. Мұндай мәліметтерді сараптап, мақалада нәтижесін бердік.

Нәтижелер және талқылау

Ғалымдар мен шығармалардың қолжазбаларына кіріспес алдын, Түркістан атауына қатысты қысқаша шолу жасап өтуді жөн көрдік. «Түркістан» топонимі жалқы мағынада Түркістан қаласын және кең мағынада тілдік тұрғыдан «түркілер жері» деген мағынаға қарай Орталық Азия елдерінің аумағын қамтиды. Біз мақаламызда Түркияның қолжазба кітапханаларында Түркістан қаласы мен оған қарасты елді-мекендерге телінген ғалымдарды негізге алдық. Олардың ішінде атақты Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки, Жамалуддин Сағид, Һибатулла Тарази, Дәуіт ибн Абдулбақи деген ғұламалардың ғылыми мұрасы қарастырылады. Төменде түркістандық ғалымдарды хронологиялық тізбекке байланысты ретпен орналастырдық.

Дәуіт әт-Түркістани (шамамен XI ғ.). Қазақ даласы ғалымдарының мұрасын зерттеуге өмі-

рін арнаған Ә. Дербісәлі (1995: 100) оның толық атын Дәуіт ибн Абдулбақи ибн Иса ибн Жанбаба өт-Түркістани деп берген. Дәуіт араб тілінің маманы, Абдулқаһир әл-Журжанидің (1010 – 1078) грамматика саласындағы «әл-Ауамил» атты еңбегіне түсіндірме жазған. Мәтін авторы мен түсіндірмені жасаған Түркістанидың өмір сүрген уақыты жақын, замандас болса керек. Сүлеймание кітапханасының каталогында оны Дәуіт ибн Абдулбақи ибн Айбек өт-Түркістани деп көрсеткен, атасының есіміне қатысты бір әріптің астына қойылған нүктеге байланысты Айбек деп бергенімен, «кәф» әрпі анық емес, керісінше соңғы әрпі «йә» әрпіне ұқсайды, сондықтан атасының аты Иса болу ықтималы басым.

Қолжазба сипаттамасы: Кітапхананың Фатих коллекциясында (4938) аталған шығармасы «Жамиғ әл-қауағид» («Қағидалар жинағы») аталған тілі араб, жазу түрі настағлиқ болған 57 парақты еңбегі сақтаулы. Түсіндірме аяқталғаннан кейін парсы тілінде жазылған үш парақ қосымша бар. Қолжазбаның көшірілген уақыты, жері, көшірген тұлға аты жазылмаған, Түркістанидың өзінің жазбасы болуы мүмкін.

Әл-Журжанидың «Ауамилы» орта ғасыр кезеңінен бері медреселерде міндетті түрде жатталған шығарма, автордың лингвистика теориясы әлі де зерттеушілердің қызығушылығын тудырады (Alfadly & Moawad, 2018). Бүгінге дейін Дәуіт Түркістанидің аты жалпы зерттеулерде аталғанымен, оның шығармасын жеке қарастырған еңбектер жарық көрмеді. Сол себепті бұл қолжазба әрі негізгі автор Журжанидың замандасы, әрі оның шығармасына түсіндірме шарх жазған Дәуіт Түркістанидың аталған ғылым мен мәдениет саласында құнды екені анықталды.

Қолжазба парағы – сары қағаз, алғашқы екі парағы автордың кіріспесі саналады, әр бетте негізгі мәтіннен бөлек шетінде һамишалар бар, ол автордың түсіндірмесіне қосымша мәліметтерді қамтиды. Сонымен қатар мәтінде қызыл түсті, керісінше аударылған үтірге ұқсас белгілер көп салынған, бұл кітапты шәкірттердің алдында оқығанда тоқтап, дем алып отыруға ыңғайлы етіп қойылған. Ал жазбаның мәтініне қатысты айтсақ, негізгі мәтін мен оның түсіндірмесі біріктірілген, бастапқы «Ауамил» мәтіні сөздерінің үсті қызыл сызықпен сызылған.

Қожа Ахмет Иасауи (д.қ.ж. 1166). Өмірі жайлы нақты деректер аз болғанымен, хикметтерінде келген үзінділер арқылы кейбір мәліметтерге қанық боламыз. Ислам ілімдерін және араб, парсы тілдерін жетік меңгерген Ахмет


Иасауи айналасына жиналған көпшілікке ислам негіздерін, шариғат үкімдерін, тариқаттың әдептері мен рүкіндерін үйрету мақсатында қарапайым тілмен және халық әдебиетіне сәйкес тәсілменен өлеңдер шығарды. «Диуани хикмет» аталатын өлеңдер дәруіштер арқылы бүкіл түркі халықтарына жайылды (Жамашев, 2022: 258).



1-сурет – Дәуіт Түркістанидың «Жамиғ әл-қауағид» шығармасы қолжазбасының бірінші парағы (Сүлеймание кітапханасы, 4938)

Сүлеймание кітапханасы каталогында Иасауидің есімі бір жерде «Ахмед Түркістани», ал 8 жерде «Ахмед Йесеви» деп берілген. Оның «Диуани хикметі» түркі әдебиеті шығармасына жатады, бірақ каталогта шығарманың басылып шыққан (матбуғ) нұсқаларына берілген сипаттамаға сай Осман Хулди Өзтүрк, Али Галип Бей коллекцияларындағысы иран, араб әдебиеті шығармалары қатарына қосылған. Сүлеймание кітапханасының Микрофильм коллекциясында 6 қолжазба көшірмесі сақталған, соның бірі (2346) нөмірімен сақтаулы. Бұл коллекциядағы шығармалардың көшірілген жылына қатысты мәліметтер жоқ.

Ал Анкара кітапханаларында сақталған қолжазбалардан көбірек мәлімет табылды. Милли және Миллет кітапханаларындағы 5 көшірменің жазылған уақыты XVIII-XIX ғғ. қайтады, көшірген тұлғалардың есімі болмағанымен, сақтап күнімізге жеткізген адамдардың аты мен мөрлері қойылған. Көшірген уақыты белгілі қолжазбалардың ішінде ең ертесі һижри 1200 жылға, ол деген 1786 жылға сәйкес келеді (06 Нк 151). Бұл Милли кітапхананың Анкара Аднан Өтүкен Ил Халк кітапханасы коллекциясында сақталған қолжазба көлемі – 137 парақ, сары қағаз, настағлиқ жазуымен жазылған. Басқа қолжазбалар 1800-1834 жж. аралығына жатады.




2-сурет – Ахмет Иасауидің «Диуани хикмет» шығармасы қолжазбасының бірінші парағы (Милли кітапхана, 06 Нк 151)

Сонымен Ахмет Иасауидың танымал «Диуани хикмет» қолжазбалары Түркияның негізгі үш кітапханасында сақталған, Анкарадағы көшірмелер 1786-1834 жж. жазылған және оны сақтап жеткізген тұлғалар жайлы мәліметтерді қамтиды. Белгілі деректерге байланысты Иасауи хикметтерінің Түркия жерінде XVIII-XIX ғғ. өзекті болғанын, түркі халықтары арасындағы мәдени құндылығын көрсетеді.

Иасауиге телінген тағы бір шығарма – «Пақырнама». Сопыларға нұсқаулық ретінде жазылған бұл шығарма Қожа Ахмет Иасауидың тұлғасын әдістеме маманы қырынан ашады (167002). Сопылықты зерттеушілердің бұл еңбекті айналып өтуіне болмайды. Дәстүрлі қолжазба форматынан ерекшелігі жазуы қағаз бетін толық қамтыған, бос жері жоқ. Тілі шағатай, мәтінде жаңа ойды білдіретін сөздердің үсті жазу түсімен бірдей сиямен сызылған.

Алғашқы 5 парақ қара сөзбен жазылса, соңғы 3 парақ манзума (өлең) бәйт түрінде екі қатарда берілген. Шығарманың құндылығы оның мазмұны, көлемі кіші болғанымен, сопылық жол бойынша қысқа да нұсқа мәліметтерді қамтиды, тариқат мақамдары, мағрифат жолы айтылады. Шығарма ислам мәдениеті мен өркениетінің бір бөлігі тасаууф саласы бойынша құнды саналады. 1992, 2021-2022 жж. шығарманың қазақ тіліне аудармасы жасалды, ал зерттеу жұмыстарын түрік ғалымдары профессор Кемал Ераслан, профессор Неждет Тосунның (2016) «Иасауидың «Пақырнамасы» және екі парсы трактаты» академиялық жинағы мен Айбүке Бетүл Доғанның (2017) шығармадағы сөз тіркестерін зертте-

ген мақаласы бар, яғни, бұған дейінгі зерттеулер Иасауи еңбегінің тек тілдік аспектісі бойынша жасалған. Ол дегеніміз отандық жан-жақты қырынан қарастыратын жұмыстар жүргізілуі қажет, себебі бұл еңбегі «Диуани хикмет» секілді танылмағанымен, мазмұнына терең анализ жасап, әлемдік мәдениет пен өркениетіне қосатын үлесі мол.



3-сурет – Ахмет Иасауидің «Пақырнама» шығармасы қолжазбасының бірінші парағы (Миллет кітапханасы, 167002)

Ахмет Иүгінеки (шамамен 1170-1240). Әдиб Ахмед ибн Махмуд Иүгінеки Түркістан қаласының маңындағы Жүйнек деген жерде туып-өскен. Шариғат қағидаларын жан-жақты зерттеп, терең іліміне байланысты «Әдиб Ахмед» деген құрметті атаққа ие болған. Ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында Ахмет қысқаша тақырыптарға ислам құндылықтарына негізделген өлең-жырларын өмірге келтіре бастайды. Кейін ол «Һибат әл-хақаик» (Ақиқат сыйы) деп аталатын дидактикалық өлеңдер жинағына айналған (Жамашев, 2022: 305). Ахметтің ныспысында Түркістани деп келмесе де, Түркістан маңындағы Жүйнек жеріне телінгендіктен, Түркістанилердің қатарына қосылады.

Түркия кітапханасында Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» көне және жаңа түркі тіліндегі атауларымен сақталған. «Һибат әл-хақаик» (жаңа түркі атауымен) еңбегінің матбуғ (басылған) нұсқалары бар, 1334/1915-1916 жылы Ыстамбұлдағы «Амира» баспасынан шыққан кітаптар саны – 8. XX ғасырда көптеп басылып шыққаны сұранысқа ие болғанын көрсетеді. Көне түркі атауымен сақталған «Атабат әл-хақаиктың» көшірілген уақыты 848/1444-1445

жылғы шағатай тіліндегі екі қолжазба нұсқасы табылды. Бірі 56 парақ, екіншісі 27 парақ, екі қолжазба да Сүлеймание кітапханасы Айясофия коллекциясында сақталған. Бұл нұсқалар мазмұнымен ғана емес, каллиграфия тұрғысынан да назар аудартады:

Жазу түрі – бинукат, нұсқада негізгі жазу араб тілінде, ал оның астындағы шағатайша мағынасы қызыл түспен жазулы, бәсмала, аят және дәйекті сөздер алтын түсті жазумен берілген.



4-сурет – Ахмет Йүгінеки «Атабат әл-хақаиқ» шығармасы қолжазбасының бірінші парағы (Сүлеймание кітапханасы, 4757-001)

Жазу түрі – шекасте (сынық жазу). Бұл жазуларды кез келген адам оқи алмайды, тіпті ислам әлемінде бұл жазулардың түрін ажыратып, оқи алатын мамандар саны саусақпен санарлық. Сондықтан сақталған осы нұсқалар көркемдік тұрғысынан басым түседі әрі жазба мәдениетіндегі, каллиграфия саласындағы құндылығын көрсетеді.




5-сурет – Ахмет Йүгінеки «Атабат әл-хақаиқ» шығармасы қолжазбасының бірінші парағы (Сүлеймание кітапханасы, 4012)

Жамалуддин Сағид әт-Түркістани (д.қ.ж. 712/1312-1313). Толық аты жөні – Жамалуддин Сағид ибн Мұхаммед ибн әл-Мусаддиқ әс-Сұғди әт-Түркістани. Алғашқы тәлімін туған жері Түркістанда алған соң Бұхара мен Самарқандқа білім іздеп шыққаны және одан қалған бір еңбек жайлы айтылады, ғалымның өмірі жайлы одан басқа мәлімет жоқ (Жамашев, 2022: 310). Жамалуддин Түркістани жайлы мәліметтерді Омар Каххала мен Катиб Челебидің биография еңбектері қамтиды.

Түркияда оның математика саласы бойынша жазған «әр-Рисала әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия» («Есеп мәселелеріндегі дәрежесі биік трактат») қолжазбасының 6 нұсқасы бар. Бұл нұсқалар XIV ғ. II жартысы мен XV ғ. басында көшірілген. Яғни, автор қайтыс болған соң 50-100 жыл ішінде жазылған уақыты белгілі 4 нұсқа бар. Төменде қолжазбаның үш нұсқасын қарастырамыз:

1. Анкараның ұлттық кітапханасында сақталған 5 парақты нұсқасы. Сипаттамасы: араб тілінде, жазуы ұсақ, харекет қойылмаған. Жаңа ойды бастайтын сөздің үстіне қызыл сызық қойылған. Бірінші бетінде ғана теріс аударыла жазылған амиша (қосымша пікір) бар. Бұл нұсқаның ерекшелігі сұлтан Алауддин Мұхаммед ибн Махмуд Ғазнауиге сыйлық ретінде берілген.



6-сурет – Жамалуддин Сағид Түркістани «әр-Рисала әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия» қолжазбасының бірінші парағы (Милли кітапхана, 03 Gedik 18130)

2. Сүлеймание кітапханасы Лалели коллекциясында сақталған 799/1396-1397 жылғы қолжазба. Сипаттамасы: көлемі – 45 парақ, жазуы анық, жазба шекарасы қызыл түсті жолақпен төрт тарапынан қоршаған, айналасында мағына-

сын аша түсетін қосымша жазбалар бар. Бұл көшірген адам – мустансихы белгілі жалғыз нұсқа. Оны Махмуд ибн Масғуд ибн Мұхаммед әл-Қарамани әл-Ханафи көшіріп жазған, ол жайында мәлімет жоқ.

Бұл шығарманы зерттеудің өзектілігі мынада: мұсылман ғалымдарының математика саласына қосқан үлесін дәйекті түрде көрсетуге септігін тигізеді және математика бойынша әдіснамасының қаншалықты тиімді болғанын бағалауға негіз болады. Жамалуддиннің бұл шығармасы да жеке қарастырылса, қазақ жерінен шыққан ғалымдардың гуманитарлық, философия ғылымдарына сіңірген еңбегі ғана емес, математика, техникалық ғылымға сіңірген еңбегін таразалауға мүмкіндік туады.

Сонымен, шығарманың мазмұнына назар аударсақ, ислам дәстүріне сай, автор еңбегін Аллаға мадақ пен пайғамбарға салауат айтып бастаған соң замандасы, басшы Мұхаммед ибн Махмуд әл-Фәриюмәзидің оң қасиеттерін сипаттайды. Кітапты жазуына себеп әл-Фәриюмәзи оған есептеудің қыр-сырын үйрететін кітапты жинақтауын сұрайды. Жамалуддин Түркістани өз шығармасын екі мақала (тарау) етіп жазғанын айтады. Бірінші тарау қажет анықтамаларды қамтитын кіріспе, екі бап (бөлім) және қорытындыдан тұрады.

27b-28b беттерінде жазықтықтағы геометриялық фигуралардың көрнекі суреті мен оның элементтерінің атауы жазылған: шеңбер, үшбұрыш пен төртбұрыштардың түрлері, құрамдас бөліктері, шеңбер ішіне салынған сегізбұрыш сызылған. Трактатта қара және қызыл түсті сия ғана қолданылады.




7-сурет – Жамалуддин Сағид Түркістани
«Әр-Рисала әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия»
қолжазбасының бірінші парағы
(Сүлеймание кітапханасы, 2729)



8-сурет – Жамалуддин Сағид Түркістани
«Әр-Рисала әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия»
қолжазбасының 27b-28b беттері
(Сүлеймание кітапханасы, 2729)


3. Сүлеймание кітапханасы Фатих коллекциясына қойылған уақыты белгілі ең ерте көшірілген нұсқа 755/1354-1355 ж. Бағдат қаласында жазылған. Ол дегеніміз автор қайтыс болғаннан кейін 41-42 жылда жазылып жеткен. Сипаттамасы: қызыл парак, мәтіннің орналасуы кәдімгі кітаптардай паракқа қатысты көлденең емес, тігінен қарата қойылып жазылған. Мәтін жазуы қара түсті, ал жаңа сөйлем басындағы сөздің үсті қызыл ирек сызықпен сызылған. Бір беттің соңында сол жағындағы бұрышта келесі беттің алғашқы сөзі жазылған, сол арқылы беттерді шатастырып алмауға және дәріс етіп оқыған уақытта келесі бетке сөзін үзбей жалғастыруға көмектеседі. намишалар жоқ.



9-сурет – Жамалуддин Сағид Түркістани
«Әр-Рисала әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия»
қолжазбасының бірінші беті
(Сүлеймание кітапханасы, 5412-003)

Ғибадулла әт-Тарази әт-Түркістани (1272/1273 – 1332-1333) (Ибн Құтлұбұға, 1992: 313). Толық аты-жөні – Ғибадулла ибн Ахмад ибн Муғалла Шужағуддин әт-Түркістани әт-Тарази. Ол Тараз қаласында дүниеге келген, Тараз қаласы Түркістан өлкесіне қарағандықтан, Түркістани ныспысымен де танылған. Ол Дамаскіге барып, Жалалуддин Омар әл-Хаббазиден фикһ ілімін үйренген. Оның білімінен сусындауға әлемнің түпкір-түпкірінен шәкірттер келетін болған (Ләкнауи, 1906: 223). Ол рационал және дәстүрлі ғылым салаларының бәріне өз үлесін қосты, оқыған дәрістерінің жинағы мен ғылыми кітаптар жазып қалдырды (Жамашев, 2022: 203-204).

Түркияның екі кітапханасында оның ислам ғылымдары бойынша мұсылман құқығының негізі және сенім жүйесі бойынша үш түрлі шығармасы сақталған. Сүлеймание кітапханасы Айясофия коллекциясында 720/1320-1321 жылы автордың өмір сүрген уақытына тиесілі «Табсира әл-әсрар фи шарх әл-манар» қолжазбасы бар (2190). Каталогта шығарманың пәні ретінде ақида көрсетілген, негізінен, ол усул әл-фикһ (мұсылман құқығының негізі) мәселелерін қарастырады. Көшірілген жылына сай, мұстан-сикхтың анық аталмауы себепті автордың өзінің қолжазбасы немесе тірісінде жазылған нұсқа дей аламыз. Сипаттамасы: харекесіз, ұсақ жазу. Еңбектің негізгі мәтінінен алдыңғы және кейінгі бетте жазбаны сақтаған адам мен ұйымдардың мөрі бар. Мәтіннен бос шеттері кең, жаңа ойды білдіретін сөздер қызыл сиямен жазылған, қосымша түсініктеме беру қажет жерлерде һамиша қойылған.



10-сурет – Ғибадулла Түркістани «Табсира әл-әсрар фи шарх әл-манар» қолжазбасының бірінші парағы (Сүлеймание кітапханасы, 2190)

Екінші шығармасы – «Шарху әл-ақида әт-Тахауия» қолжазбасы. Сүлеймание кітапханасы Пертев Паша коллекциясында 753/1352-1353 жылы көшірілген Тахауи ақидасының шархы қолжазбасы сақталған (650-002). Сипаттамасы: жазуы анық, харекеленген, әр бетте мәтін екі қызыл сызықпен қоршалған. Һамишасы бар беттер аз. Тарази бастапқы мәтіннің авторы Тахауидің сөзін бергенде қолданған «әмма қаулуһум» (Олардың пәлен деген сөзі...) сөзінің үстіне қызыл түсті ирек сызық қойылып білдірілген.



11-сурет – Ғибадулла Түркістани «Шарху әл-ақида әт-Тахауия» қолжазбасының бірінші парағы (Сүлеймание кітапханасы, 650-002)

Үшінші шығармасы – Кастамону қолжазбалар кітапханасында Ғибадулла Түркістанидың «Мисбах әл-фәуаид фи хәллі мушкиләт әл-ақайд» («Ақида мәселелерін шешуде пайдасы мол шамшырақ») шығармасы бар. Бұл алдыңғы шығармамен мазмұндас, ақида мәтініне түсіндірме ретінде жазылған. Бастапқы мәтіні де Тахауи ақидасы. Аталған қолжазбаның ерекшелігі негізгі мәтін сөздерін түсіндірмеден анық ажырату үшін үсті тек мәтін сөзін қамтитын қызыл сызықпен сызылған. Парақтың шетінде қажетінше түсіндіру үшін қара және қызыл түсті ұсақ жазулар келеді.

Жаңа зерттеулерге қатысты айтатын болсақ, Ғибадулла Түркістанидың еңбектерін жеке қарастыра жасалған зерттеулер бар. Жадулла Бәссам Салих 2012 жылы «Шарху ақида әт-Тахауи» шығармасын өңдеп шығарған (Ғибадулла Түркістани, 2012). А. Галмаматов Мармара университетінде «Ғибадулла әт-Түркістани мен оның «Шарху ақида әт-Тахауи» шығармасының тахқиғы (өңделуі)» тақырыбында докторлық диссертацияны қорғады (Galmamatov, 2016), со-

ның аясында мақалалар жариялады, ал отандық зерттеушілерден Дербісәлі Ә. оның ғылыми мұрасына талдау жасап, аудармасын ұсынды (Дербісәлі, 2012).



12-сурет – Һибатулла Түркістани «Мисбах әл-фәуаид фи хәллі мушкиләт әл-ақайд» қолжазбасының бірінші парағы (Кастамону Йазма Есерлер кітапханасы, 1595/01)

Зерттеуіміздің нәтижесі келесідей тұжырымдарды қамтиды:

1-тұжырым. Ғалымдар ныспысы Түркістанға телінгенде үш түрлі себепке байланысты қарастырылады. Біріншіден, Түркістан қаласының өзіне телінген ғалымдар: Дәуід әт-Түркістани, Жамалуддин Сағид әт-Түркістани секілді. Олардың Түркістан қаласымен тікелей байланысын өмірбаянынан білеміз, ғалым бұл қалада туған, өсіп жетілген немесе білім алуға келгені айтылады;

Екіншісі, Түркістанның ортағасырлық Иасы атауы немесе соған қарасты қалаларға телінеді: Қожа Ахмет Иасауи, Ахмет Иүгінеки (Жүйнеки), Һибатулла әт-Тарази әт-Түркістани секілді. Оны білу үшін аталған ныспының Түркістан қаласына қатысын, жақындығын, оған қарасты қала болғанын тарих, биография еңбектерінен білеміз;

Үшіншісі, жалпы Түркістан өлкесінің аймағы өте кең, жоғарыда атап кеткеніміздей, «түркілер жері» мағынасында түркі халықтарының таралған аймағына осы атау берілген. Оған Орталық Азия елдері, (қазіргі Қытайға қарайтын) Шығыс Түркістан аумағы да кіреді. Шығыс Түркістаннан шыққан немесе барған ғалымдар да Түркістани аталып кетеді. Мысалы, Мұса ибн Жарулла ибн Фатима әт-Түркістанидың есімі Дербісәлі мақаласында кездеседі (Дербісәлі, 2016: 118). Сүлеймание кітапханасы каталогын-

да Түркістани ныспысымен берген, әрі оның түрік тілінде басылған «Ұзақ күндерде ораза (түту)» 204 беттік басылып шыққан кітабы сақтаулы (Сүлеймание кітапханасы, 501). Зерттеу нәтижесінде оның татар философы, публицист, Ресей мұсылмандары жәдид қозғалысының белсенді мүшесі Мұса Жарулла Бигиев екені анықталды. Оның Ленинградтан Шығыс Түркістанға барғаны себепті, Түркістани ныспысы тағылған. Дегенмен оның Түркістан қаласына тікелей байланысы орнатылмады.

Осы секілді Алауддин Али ибн Абдулмумин ибн Кардамир әт-Түркістани (шамамен XIII-XIV ғ.). Тұлға жайында деректер аз. Дегенмен оның әс-Сукуржи лақабымен танымал әмір болғандығы айтылады (Ибн әл-Фуати, 1996b: 328). Оның туылған немесе қайтыс болған жылы берілмеген, десе де, ибн әл-Фуати деген ғалым онымен 705/1305-1306 жылы Әзірбайжандағы Оужанда кездескенінен хабар береді (Ибн әл-Фуати, 1996c: 678). Бүгінде Оужан ауылы Иранда орналасқан. Оның бауырына қатысты берілген деректерде Алауддиннің Шатыиия медресесін басқарғаны жайлы мәлімет кездеседі (Ибн әл-Фуати, 1996a: 353). Али ибн Абдулмуминнің Түркістан қаласымен тікелей байланысына қатысты қолымызда деректер жоқ, сондықтан бұл ныспыны жалпы Түркістан өлкесіне қатысты деп тұжырымдай аламыз.

Түйіндей айтқанда, Түркістан қаласынан шыққан ғалымдарды табу үшін географиялық белгілер мен биография мәліметтеріне жіті мән беру керек. Ал жалпы мағынадағы Түркістан өлкесіне телінетін ғалымдар мен тұлғалар саны көп. Сол секілді кейбір жер-су атауларымен іздегенде мұқият тексеру қажет етеді. Бір қала не жер атауы әртүрлі уақытта әр жерде қолданылған болуы мүмкін.

2-тұжырым. Мақалада қолданылған шығармалар негізінен төрт кітапхана қорын қамтиды: Сүлеймание, Милли (ұлттық) кітапхана, Миллет (ұлт) кітапханасы, Кастамону қолжазбалар кітапханасы. Соның ішінде жазбалардың басым бөлігін сақтаған Ыстамбұлдағы Сүлеймание кітапханасынан келесі коллекциялар аталады: Микрофильм, Фатих, Айясофия, Лалели, Пертев Паша, Серез, Молла Челеби, Хажы Махмуд Эфенди. Біздің жалпы Түркия қолжазба қорларынан қазақ даласы ғалымдарын іздеу нәтижесі, әрі жалқылай алғанда, Түркістани шығармаларының қолжазбаларының басым бөлігі Сүлеймание кітапханасынан табылды. Оның себебі барлық қолжазбалар саны 372 177 болса, оның

47,6 % (155 676) Сүлеймание кітапханасына тиесілі.

3-тұжырым. Ендігі кезекте Түркістан қаласы ғалымдарының әлем мәдениеті мен ғылымға сіңірген үлесіне қорытынды бермекшіміз. Түркістан ғалымдары ғылымның әр саласы бойынша ислам және әлем өркениетіне үлесін қосатын дәрежеде маңызды еңбек жазып кеткен. Оның ішінде Ахмет Иасауидің хикметтері, Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармалары әлем бойынша мойындалып, жан-жақты зерттелді. Отандық әрі шетелдік зерттеушілер тарапынан қызығушылық танытылып, еңбектердің аудармасы жасалды, оған қатысты диссертациялар қорғалды, түрлі аспектілер бойынша жүргізілген зерттеулер жарық көрді.

Сонымен қатар, аз зерттелген, ғылыми айналымға енгені көп. Журжанидың «Ауамилі» араб грамматикасы бойынша әйгілі болғанымен, мұсылман медреселерінің білім беру бағдарламасында қамтылғанымен, түсіндірмелер қатарында Дәуід әт-Түркістанидың «Жамиғ әл-Қауағид» еңбегі аталмайды, оның өңделіп шыққан нұсқасы жоқ. Иасауидің, айтып өткендей, «Диуани хикметі» танымал болғанымен, «Фақырнамасы» ондай деңгейде зерттелмеді, қазақ тіліне аудармасы жасалды, тек бірнеше түрік ғалымдарының зерттеуі жарық көрді, дегенмен еңбектің мазмұны арқылы Иасауидің ғылыми еңбек жазудағы әдістемесі жағынан жаңа қыры ашылады,

Қазақ жерінен шыққан ғалымдар философия, гуманитарлық және тіл білімдерінен тыс, математика саласында өзіндік орнын алатынын Жамалуддин Сағид әт-Түркістанидің үлгісі көрсетеді. Түркия кітапханаларында оның «әр-Рисала әл-алайя фи әл-мәсәил әл-хисабия» («Есеп мәселелеріндегі дәрежесі биік трактат») қолжазбасының 6 нұсқасы сақталды. Аталған шығарманы зерттеу әлемдік дәрежеде аты шыққан мұсылман математиктері әл-Хорезми, әл-Баттани, әл-Бируни әдіснамаларымен байланыстың баржоғын білуге, бағалауға көмектеседі. Сол арқылы бұған дейін математика бойынша еңбегі бар Қауамуддин Иткани және Жамалуддин Түркістанидың математика шығармаларына жіті зерттеу жүргізіп, еңбектерінің ғылыми құндылығын тұжырымдай алсақ, қазақ даласы білім орталықтарының математика білімі бойынша алда болғанын дәлелдеуге болады.

Нибатулла Түркістанидың ақида түсіндірмесі өңделіп басылған, диссертация тақырыбына арқау болған. Сонда да еңбектеріне мазмұндық,

әдістемелік анализ, ислам білім беру жүйесінде алатын орнына қатысты зерттеулер жасалмады.

Бұл дегеніміз қазіргі кезеңде қазақ жерінен шыққан ғалымдардың барлық шығармаларын түгендеп, бұған дейінгі жинақталған биобиблиографиялық мәліметтердің растығын тексеру, шығармалардың ішінен ғылым мен мәдениетке маңыздыларын іріктеп, оларға текстологиялық, аксиологиялық, методологиялық зерттеулер жасаудың қажеттігі алға шығады.

Қорытынды

Зерттеу жұмысын қорыта айтқанда, қазақ жерінен шыққан ғалымдардың мұрасы тәуелсіздігімізді алғалы бері қарқынды зерттеліп келеді, биография кітаптарынан ғалымдардың өмірдеректері табылып, әлемдік мұрағат каталогтарынан олардың шығармалары жинақталды. Одан кейін философия, филология, библиография мамандары тарапынан ғалымдардың тұлғасы мен ғылыми еңбегін жеке қарастырған зерттеулер жасала бастады. Осылайша, бүгінге дейін Қожа Ахмет Иасауи, Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Жауһари, Әбу әл-Қасым әл-Фараби, Ахмад ибн Мансур әл-Испижаби және басқа да көптеген ғалымдардың ғылыми мұрасына қатысты монография, диссертация жұмыстары жасалды. Дегенмен жасалған жұмыстардың үлесін қарастырылуы тиіс мәселелерге шаққанда зерттеу ауқымының әлі де кең екенін байқаймыз. Сондықтан зерттеушілердің мойнында ғалымдардың еңбектерін мазмұны, методологиясы, концепциясы бойынша саралап, мәдениет пен ғылымға маңыздысын ғылыми айналымға енгізу, жинақталған мәліметтердің растығын тексеру, классификация жұмыстары бар.

Мақаламызда Түркістанға телінген ғалымдардың арасы ажыратып көрсетілді, сол арқылы қала, аймақ бойынша каталогтан іздеу спецификасы мәселесі дәйекті қарастырылды. Түркия кітапханаларында сақталған Түркістан ғалымдарының еңбектерінің қолжазба нұсқаларына толық сипаттама берілген соң ғалымдардың шығармалары әлемдік өркениет пен мәдениетке қандай үлесін тигізетініне қатысты тұжырымдар берілді.

Зерттеуді Түркістан ғалымдарымен шектегеніміз олардың шығармаларына толыққанды биобиблиографиялық сипаттама беріп, анализ жасауға және Түркістан ғалымдарының ішінде есімі әйгілі болғандарымен қатар, есімі де, ғылыми мұрасы да танылмаған ғалымдар мен олардың

еңбектеріне жеткілікті деңгейде көңіл бөлу үшін жасалды. Оған қоса, қазақ даласының ғылыми мұрасы молынан сақталған Түркия кітапханаларының дерекқорлары қарастырылды. Нәтижесінде төрт үлкен кітапхана: Сүлеймание, Милли кітапхана, Миллет және Кастамону қолжазбалар кітапханасының коллекциялары зерттелді.

Қолжазбаларға жасалған зерттеу нәтижесінде Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» нұсқаларын каллиграфиясы тұрғысынан, Қожа Ахмет Иасауидің «Фақырнамасына» әдістемелік зерттеу және Жамалуддин Сағид әт-Түркістанидің математика бойынша «әр-Рисала әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия» еңбегін өңдеп шығарудың, мазмұндық зерттеу жасалып, әлемдік мұсылман математиктері арасында алатын орнын

айқындаудың маңызына тоқталдық. Қорыта айтқанда, бұл зерттеу қазақ жерінен шыққан ғалымдардың ғылыми мирасын зерттеудің іздеу спецификасы мәселесін ашып, жекелеген Түркістан ғалымдары еңбектерінің мәдениетте алатын орнын дәйектейді, бұл бағытта жасалған жұмыстардың негізгі белгілеріне анализ жасап, кейінгі жасалатын зерттеулердің табиғатына қатысты ұсыныстарды қамтиды.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің 2024-2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы аясында қаржыландырылды. (Грант AP22686474 «Қазақ даласы ойшылдарының әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөздер антологиясы»)

Әдебиеттер

- Alfadly H.O., Moawad A.A. Transformational – Generative Theory: A Study on Al-Jurjani's Linguistic Theory // International Journal of Linguistics and Communication. June 2018, Vol. 6, No. 1. – pp. 23-45.
- Doğan A. Yesevî'nin Fakr-Nâme'sindeki Deyim Filler Üzerine // Sosyal Bilimler Dergisi. – 2017. №17. – pp. 450-479.
- Eraslan K., Tosun N. Yesevinin Fakrnamesi ve iki Farsça risalesi. – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi Yayınları, 2016. – 128 s.
- Galmamatov A. Hibetullah et-Türkistânî ve Şerhu Akideti't-Tahâvî adlı eserinin tahkiki. (Doktora).-- Marmara Üniversitesi: İlâhiyat Fakültesi Temel İslâm Bilimleri Anabilim Dalı Kelam Bilim Dalı, 2016. – 133 s.
- Mace C. Textual Criticism and Text Editing. Comparative Oriental Manuscript Studies. An Introduction. Ed. by Alessandro Bausi et Al., Hamburg: Tredition. 2015. – pp. 321-465.
- Дербисали А. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие / Введ.к изд.,пер.с араб.яз.,комм.,сост.указателей шейх А.Дербисали. – Астана, 2012. – 324 с.
- Дербісәлі Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 237 б.
- Дербісәлі Ә. Түркия кітапханалары мен қолжазба қорларындағы Түркістандық ойшылдардың жазба мұралары // Түркология. №2. 2016. – 110-120 бб.
- Жамашев А. Сайын даланың саңлақ ғұламалары. – Алматы: Дәуір, 2022. – 508 б.
- Ибн әл-Фуати, 1996a – Ибн әл-Фуати. Мәжмә әл-әдәб фи муғжам әл-әлқаб // тхк. Мұхаммед әл-Казим. – Иран: Муәссаса әт-тибаға уә ән-нәшр, 1996. – 1-т. 564 б.
- Ибн әл-Фуати, 1996b – Ибн әл-Фуати. Мәжмә әл-әдәб фи муғжам әл-әлқаб // тхк. Мұхаммед әл-Казим. – Иран: Муәссаса әт-тибаға уә ән-нәшр, 1996. – 2-т. 591 б.
- Ибн әл-Фуати, 1996с – Ибн әл-Фуати. Мәжмә әл-әдәб фи муғжам әл-әлқаб // тхк. Мұхаммед әл-Казим. – Иран: Муәссаса әт-тибаға уә ән-нәшр, 1996. VI. 690 б.
- Ибн Құтлұбұға. Тәж әт-тәражим. // тхк. Мұхаммед Хайр Рамадан Юсуф. – Дамаск: Дәр әл-қалам, 1992. – 367 б.
- Ләкнауи Мұхаммед Абдулхай. әл-Фәуаид әл-бәһия фи таражим әл-ханафия. – Қәһира: Матбаға әс-сағада, 1906. – 249 б.
- Түркия қолжазбалар мекемесі басшылығының порталы: // [Электронды дереккөз] URL: <https://portal.yek.gov.tr/works/search/full> (Жүгінген күні: 15.08.2025).
- Хаван А., Байтенова Н., Құрманалиева А., Байжума С. Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын зерттеудегі Түркия қолжазба қорларының рөлі мен маңызы // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және мәдениеттану сериясы. 2023. №85 (3). – 25-32 бб.
- Хибатулла Түркістани. Шарху ақида әт-Тахауи // тхк. Жадулла Бассам Салих. – Амман: Дәр ән-нур, 2012.

Қолжазба қорының деректері:

- Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. Анкара Аднан Өтүкен Ил Халк кітапханасы коллекциясы, 06 Нк 151: 137 п., Милли кітапхана
- Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. Микрофильм коллекциясы, 2346: 120 п. Сүлеймание кітапханасы
- Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. Хажы Махмуд Эфенди коллекциясы, 3500: 262 б. Сүлеймание кітапханасы
- Ахмет Иасауи. Фақырнама. Али Эмири Шерие коллекциясы, 1017: 10 п. Миллет кітапханасы
- Ахмет Иүгінеки. Атабат әл-хақаик. Айясофия коллекциясы, 4012: 56 п. Сүлеймание кітапханасы
- Ахмет Иүгінеки. Атабат әл-хақаик. Айясофия коллекциясы, 4757-001: 1-27 п. Сүлеймание кітапханасы

- Дәуид Түркістани. Жамиғ әл-қауғид. Фатих коллекциясы, 4938: 57 п. Сүлеймание кітапханасы
 Жамалуддин Сағид Түркістани. Рисәла әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия. Афион Гедик Ахмет Паша Ил Халк кітапханасы коллекциясы, 03 Gedik 18130: 89b-94a п. Милли кітапхана
 Жамалуддин Сағид Түркістани. Рисәла әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия. Лалели коллекциясы, 2729: 45 п. Сүлеймание кітапханасы
 Жамалуддин Сағид Түркістани. Рисәла әл-алаия фи әл-мәсаил әл-хисабия. Фатих коллекциясы, 5412-003: 46-68 п. Сүлеймание кітапханасы
 Муса ибн Жарулла ибн Фатима Түркістани. Узун гүнлерде рузе. Желал Өктен, 501: 204+2 б. Сүлеймание кітапханасы
 Һибатулла Тарази Түркістани. Мисбах әл-фәуаид фи хәллі мушқиләт әл-ақайд. Кастамону Халк кітапханасы коллекциясы, 1595/01: 1b-93b п. Кастамону Йазма Есерлер кітапханасы
 Һибатулла Тарази Түркістани. Табсира әл-әсрар фи шарх әл-Манар. Айясофия коллекциясы, 2190: 112 п. Сүлеймание кітапханасы
 Һибатулла Тарази Түркістани. Шарху әл-ақида әт-Тахауия. Пертев Паша, 650-002: 7-70 п. Сүлеймание кітапханасы

References

- Alfadly H.O., Moawad A.A. Transformational – Generative Theory: A Study on Al-Jurjani's Linguistic Theory // International Journal of Linguistics and Communication. June 2018, Vol. 6, No. 1. – pp. 23-45.
 Doğan A. Yesevî'nin Fakr-Nâme'sindeki Deyim Filler Üzerine [On the Idiomatic Verbs in Yesevî's Fakr-Nâme] // Sosyal Bilimler Dergisi. – 2017. №17. – ss. 450-479. (In Turkish)
 Eraslan K., Tosun N. Yesevinin Fakrnamesi ve iki Farsça risalesi [Yesevî's Fakrname and two Persian treatises]. – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi Yayınları, 2016. – 128 s. (In Turkish)
 Galmamatov A. Hibetullah et-Türkistânî ve Şerhu Akîdeti't-Tahâvî adlı eserinin tahkiki [Hibatullah at-Turkistani and Editing of His Commentary on Akida at-Tahawi]. 2016. VII, 73, III, 133 y. (Doktora).-- Marmara Üniversitesi: İlahiyat Fakültesi Temel İslâm Bilimleri Anabilim Dalı Kelam Bilim Dalı, 2016. – 133 s. (In Turkish)
 Mace C. Textual Criticism and Text Editing. Comparative Oriental Manuscript Studies. An Introduction. Ed. by Alessandro Bausi et Al., Hamburg: Tredition. 2015. – pp. 321-465.
 Derbisali A. Hibatulla at-Tarazi i ego duhovnoe nasledie [Hibatullah at-Tarazi and his spiritual heritage] / Vved.k izd., per.s arab.jaz., komm., sost.ukazatelej shejh A.Derbisali. – Astana, 2012. – 324 s. (In Russ.)
 Derbisali A. Qazaq dalasyningyng juldizdaryi [The Stars of Kazakh Steppe]. – Almaty: Rauan, 1995. – 237 b. (In Kaz.)
 Derbisali A. Turkiya kitaphanalaryi men qoljazba qorlaryindaghyi Turkistandiy oyshyildardiyng jazba muralaryi [Written heritage of Turkestan thinkers in Turkish libraries and manuscript collections] // Turkologiya. №2. 2016. – 110-120 bb. (In Kaz.)
 Zhamashev A. Sayin dalanyng sanglaq ghulamalaryi [Prominent scholars of the vast field]. – Almaty: Dauir, 2022. – 508 b.
 Ibn al-Fuati, 1996a – *Ibn al-Fuati*. Majmag al-adab fi mughjam al-alqab [Collection of ethics in the Dictionary of Titles] // thq. Muhammed al-Kazim. – Iran: Muassasa at-tibagha ua an-nashr, 1996. I. 564 b. (In Arabic)
 Ibn al-Fuati, 1996b – *Ibn al-Fuati*. Majmag al-adab fi mughjam al-alqab [Collection of ethics in the Dictionary of Titles] // thq. Muhammed al-Kazim. – Iran: Muassasa at-tibagha ua an-nashr, 1996. II. 591 b. (In Arabic)
 Ibn al-Fuati, 1996c – *Ibn al-Fuati*. Majmag al-adab fi mughjam al-alqab. [Collection of ethics in the Dictionary of Titles] // thq. Muhammed al-Kazim. – Iran: Muassasa at-tibagha ua an-nashr, 1996. VI. 690 b. (In Arabic)
 Ibn Qutlubugha, 1992 – *Ibn Qutlubugha*. Taj at-tarajim [Crown of translations] // thq. Muhammed Hayr Ramadan Yusuf. – Damask: Dar al-qalam, 1992. – 367 b. (In Arabic)
Laknawi Muhammed Abdulhay. al-Fauaid al-bahiya fi tarajim al-hanafiya [The Magnificent Benefits in the Biographies of the Hanafis]. – Cairo: Matbagha as-saghada, 1906. – 249 b. (In Arabic)
 Turkija qolzhazbalar mekemesi basshylygynyng portaly [The Portal of Presidency of Türkiye Manuscripts Institution] // [Electronic database] URL: <https://portal.yek.gov.tr/works/search/full> (the date of referring: 15.08.2025).
 Havan A., Bajtenova N., Kurmanaliyeva A., Bajzhuma S. Abu Nasyr al-Farabi murasyn zertteudegi Turkija qolzhazba qorlarynyng roli men mangzyzy [The Role and Significance of Turkish Manuscript Collections in Studying the Legacy of Abu Nasr al-Farabi] // QazUU habarshysy. Filosofiya, sajasattanu zhöne madeniettanu serijasy. 2023. №85 (3). – 25-32 bb. (In Kaz.)
 hibatulla Turkistani. Sharhu aqida at-Tahawi // thq. Jadulla Bassam Salih. – Amman: Dar an-nur, 2012.

Manuscript Data:

- Ahmed Yasawi. Divani Hikmet. Ankara Adnan Otuken II Halk Library Collection, 06 Hk 151: 137 p., Milli Library
 Ahmed Yasawi. Divani Hikmet. Microfilm Collection, 2346: 120 p. Suleymaniye Library
 Ahmed Yasawi. Divani Hikmet. Collection of Hajji Mahmud Effendi, 3500: 262 p. Suleymaniye Library
 Ahmed Yasawi. Fakrnama. Ali Emiri Sheriye Collection, 1017: 10 p. Millet Library
 Ahmet Yugneki. Atabat al-Haqiqat. Ayasofya Collection, 4012: 56 p. Suleymaniye Library
 Ahmet Yugneki. Atabat al-Haqiqat. Ayasofya Collection, 4757-001: 1-27 p., Suleymaniye Library
 Dawud Turkistani. Jami al-qawa'id. Fatih Collection, 4938: 57 p. Suleymaniye Library
 Jamaluddin Sa'id Turkistani. Risala al-alaiya fi al-masail al-hisabiya. Afyon Gedik Ahmed Pasha II Halk Library Collection, 03 Gedik 18130: 89b-94a p. Milli Library
 Jamaluddin Sa'id Turkistani. Risala al-alaiya fi al-masail al-hisabiya. Laleli Collection, 2729: 45 p. Suleymaniye Library
 Jamaluddin Sa'id Turkistani. Risala al-alaiya fi al-masail al-hisabiya. Fatih Collection, 5412-003: 46-68 p. Suleymaniye Library

Musa ibn Jarullah ibn Fatima Turkistani. Uzun gunlerde ruze. Celal Okten, 501: 204+2 pp. Suleymaniye Library
Hibatullah Tarazi Turkistani. Misbah al-fawa'id fi halli mushkilat al-aqid. Kastamonu Halk Library Collection, 1595/01: 1b-93b p. Kastamonu Yazma Eserler Library
Hibatullah Tarazi Turkistani. Tabsira al-asrar fi sharh al-Manar. Ayasofya Collection, 2190: 112 p. Suleymaniye Library
Hibatullah Tarazi Turkistani. Sharh al-Aqida at-Tahawiya. Pertev Pasha, 650-002: 7-70 pp., Suleymaniye Library

Авторлар туралы мәлімет:

Жамашев Азамат Шутбаевич – PhD, постдокторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: azamat_zhamashev@mail.ru)

Елеусызбаева Назерке Мейранбайқызы (корреспондент-автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz)

Тәжікова Клара Хашиымқызы – ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жетекші ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан, e-mail: Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz).

Information about authors:

Zhamashev Azamat Shutbayevich – PhD, postdoctoral researcher, Associate Professor of the Department of Religious and Cultural Studies (Almaty, Kazakhstan, e-mail: azamat_zhamashev@mail.ru)

Yeleussyzbayeva Nazerke Meiranbaiqyzy – PhD student of the Department of Religious and Cultural Studies (Almaty, Kazakhstan, e-mail: yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz)

Tadzhikova Klara Hashimkyzy – Candidate of Philosophy, Docent, Leading Researcher of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz).

Сведения об авторах:

Жамашев Азамат Шутбаевич – PhD, постдокторант, ассоциированный профессор кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: azamat_zhamashev@mail.ru);

Елеусызбаева Назерке Мейранбайқызы (автор-корреспондент) – докторант кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz);

Таджикова Клара Хашиимовна – к. ф. н., доцент, ведущий научный сотрудник Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz).

Поступила 10 мая 2025

Принята 20 июня 2025